

Қылмыскер тұлға мәселесі.

Сабақ жоспары:

- 1. Қылмыскер тұлғасының қалыптасу жағдайлары мен әлеуметтік –психологиялық алғышарттары.*
- 2. «Қылмыскер тұлға» теориясы.*



1) Қылмыскер тұлғасы келеңсіз қоғамдық құбылыстар мен процестердің даралық нысанының көрінісі. Негізгі ереже – адам қылмыскер болып туылмайды, ол өзінің өмір жолындағы келеңсіз жағдайлардың себебінен қылмыскер болып қалыптасады. Дегенмен, қылмыстық мінез әрдайым бұл ереже негізінде қалыптаспайды. Қалыптасқан келеңсіз жағдайлар адамның ішкі рухани дүниесін, тұлғаның психологиясын жаулап алып, адамға ықпал ететін қоздырғыштан өзінің психологиялық табиғатына сай келетін факторларды таңдап, меңгереді.



Әлеуметтік психологиялық қылмыскердің жеке тұлғасына мыналар әсер етеді:

– жоспарланған ісін жүзеге асырмай қоймауы, өмірлік тәжірибесі, білімі, әдеті психикалық тұрғыдан: психо-биологиялық белгілері мінезі мен қабілеті жатады. Қылмыскердің жеке тұлғасына келесі белгілері бар жіктеу қатары кіреді. Антиқоғамдық бағыттау тәрбиесінің белгісі бойынша жеке тұлғаны әр түрлі қарым-қатынасы бойынша бөледі:

- жеке адамның адамгершілігінің негативті қарым-қатынасы;
- тұлғаның әр түрлі әлеуметтік институттарға қарым-қатынасы: жалпы азаматтық, қызметтері мен әлеуметтік бағалы заттарына жеңілтек, жауапкершіліксіз қарауы.

Анти әлеуметтік бағытта қылмыскерді 2 типке бөледі: кездейсоқ, кримогенді. “Кездейсоқ”- бұл бірінші рет қылмыс жасаушы.

“Кримогенді”- бұл біріншіден өзін қоршаған адамдардың әсерінен (жанұясы, достары, таныстары)

екіншіден бұрын әр түрлі заң бұзушы әрекетерге барған.

Үшіншіден, қоғамның бағалы нормативті жүйесінен аластатылуы.

Төртіншіден, мінез-құлқын теріс бағалауға үйреніп кеткен, әлеуметтік-психологиялық механизмді өзін-өзі қорғауға пайдаланады.

Қылмыскердің жеке тұлғасына келесі белгілері бар жіктеу қатары кіреді. Антиқоғамдық бағыттау тәрбиесінің белгісі бойынша жеке тұлғаны әр түрлі қарым-қатынасы бойынша бөледі:

–жеке адамның адамгершілігінің негативті қарым-қатынасы;

–тұлғаның әр түрлі әлеуметтік институттарға қарым-қатынасы: жалпы азаматтық, қызметтері мен әлеуметтік бағалы заттарына жеңілтек, жауапкершіліксіз қарауы.

Анти әлеуметтік бағытта қылмыскерді 2 типке бөледі: кездейсоқ, кримогенді.

“Кездейсоқ” - бұл бірінші рет қылмыс жасаушы.

“Кримогенді” - бұл біріншіден өзін қоршаған адамдардың әсерінен (жанұясы, достары, таныстары)

Екіншіден бұрын әр түрлі заң бұзушы әрекетерге барған.

Үшіншіден, қоғамның бағалы нормативті жүйесінен аластатылуы.

Төртіншіден, мінез-құлқын теріс бағалауға үйреніп кеткен, әлеуметтік-психологиялық механизмді өзін-өзі қорғауға пайдаланады.

Бесіншіден, қылмысты тез аяқтауға асығып, ереже бойынша қылмысты жеткіліксіз себептермен жасайды.



Қылмыскер тұлғасының құрылымы. Тұлғаны психологиялық талдау психологиялық жеке ерекшеліктерді және биологиялық қасиеттер адамның іс-әрекет механизмінде көрініс береді. Қылмыс жасауға көбіне тұлғаның әлеуметтік жағдайда пайда болатын теріс іс-әрекеттері себеп болады. Осылайша, қылмыскер тұлғасына байланысты құрылымдар:

– әлеуметтік-демографиялық белгілер.

–ақыл-ой даму деңгейі.

–психикалық процестерден құралады.

–биофизикалық белгілері.

–әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілері.

–қоғамның әр түрлі сфераларындағы әлеуметтік көріністер.

–құндылық сапалары.

–құндылық ерекшеліктер.

–психикалық ерекшеліктер.

2. «Қылмыскер тұлға» теориясы.

Қылмыскердің көбі қоғамдық ортадан алшақтау, олардың шағын топтармен де (отбасы, коллектив, достары т.б.) қарым-қатынасы әлсіз.

Қылмыстың себептері:

1) Оларға әлеуметтік норманы игеру қиынға соғады. Сол себепті де ол оған жат көрінеді. Көптеген қылмыскерлер қандай заң бұзғанын біле тұра не үшін айыпталғандығын түсінбейді.

3) Кекшіл болып өскен бала қоршаған ортаға қас, дұшпан көзбен қарайды.

2) Бала кездегі ата-ана тәрбиесі. Оны достарынан, коллективтен және т.б. топтардан шектеу. Мұның өзі ата-анаға деген қарсылықты тудырады.

4) Қалыпты ортадан қол үзген адам өзін-өзі ұстаудан, тәртіпті сақтаудан бас тартады. Өзі сияқты адамдармен араласқан соң олармен бірге топтық қылмыс жасауға қатысады.

Қылмыскер тұлғасы көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналды. Мәселен, Альфред Адлердің «Туу реттілігі» теориясында, бірінші реттегі баланың қылмыскер, немесе заңға қарсы бағытталған тұлға болуы мүмкін деген тұжырым жасап қарастырған.



Альфред Адлер

Ч.Ломброзаның «Туа біткен қылмыскер» теориясына тоқталып кетсек, қылмыстық құқықта антропологиялық мектептің пайда болуы, алдында аталып өткендей, қылмыстылықтың қанат жаюымен және "классикалық" мектептің онымен күресу шараларын ұсынуға шамасы келмейтіндігімен сабақтас болды. Бұл мектептің негізін қалаушы итальяндық дәрігер-психиатр Чезаре Ломброзо (1835-1909) болып табылады, ал ол қылмыстылық — биологиялық сипаттағы құбылыс деп дәлелдеуге ұмтылыс жасады. Ломброзо қылмыскер — ерекше биологиялық тұлға, оның өзіндік антропологиялық сипаттары болады, жалпы адам қылмыскер болып туады және оны түзеу мүмкін емес деп есептеген.



Чезаре Ломброзо